

Елімізде бірінші болып бірегей медициналық аппаратты іске қостық



5 сәуір 2013 | 17:04 | Қоғам | Қаралған: 2459 | Пікірлер: 0

Семейде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін кәсіпорындар мен әлеуметтік маңызды ие мекемелер көптеп жұмыс істеуде. Ел иғлігіне қызмет еткен бұл нысандардың жұмысымен шаһарға арнайы барған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ танысып қайтты.



«Семспецнаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі – арнайы қызмет киімдерінің түр-түрін тігетін өңірдегі бірден-бір кәсіпорын. Бұғанде ол барлық күш құрылымдарының (аскерилер, ішкі істер органдары, төтенше жағдайлар қызметі, т.б) екілдеріне, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл», «Қазақстан теміржолы» сияқты ұлттық компаниялардың жұмысшыларына арналған киімдерді тігеді. Бұғанде фабрикада үш жұз адам еңбек етеді.

– Бізде екі тігін цехи, бір экспериментальдық және бір кесіп-пішу цехи, тон өндіру цехы бар. Барі қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. 2011 жылы жаңадан қондырғылар сатып алып, орнату арқылы шығарылатын тауарлардың түрлерін көбейттік, сапасын арттырдық. Нәтижесінде күніне 200, ал бір айда 8 мың дана костюм шығаруға қол жеткіздік, – деп тустандірді «Семспецнаб» ЖШС-нің техникалық директоры Айнур Ахметова.

Техникалық директордың айтудынша, фабриканың табысы күш құрылымдары тараپынан түсетін тапсырысқа тікелей байланысты. Айталық, тігіншілер былтыр 800 миллион теңгенің өнімін шығарса, биыл бұл межеден асып тусу жоспарда бар.

Сырт киімдерге қажетті шикізатты (қой терілерін) кәсіпорын Зайсан ауданынан және Алматы облысының Талдықорған қаласынан, Ушарал өңірінен сатып әкеледі. Ол терілерді өздерінде өндеп, түстере бояп, тон-ішкітер тігеді. Маселен, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тапсырысымен тігілген тондардың бір данасы 36 мың теңге тұрады. Алайда маман сез арасында ауылдық жерлерде ірітелген сапалы терілер жетіспейтінін де жасырмады.

Остандық өнімдерді шығару жолында тер тәгіп келе жатқан фабриканың жұмысымен танысқан облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ тауарлардың сапасын жоғары бағалап, мұндай өндірісті қолданамытуға күш салу қажеттігін атап көрсетті.

Жекеменшік емханалардың жетістіктері мол

Бұдан кейін аймақ басшысы Семейде құрылышы аяқталуға жақын қалған жекеменшік емхананың жағдайын көрді. Фимарattyң іші-сұртына қарап жұмыстың сапалы орындалғаны бірден көзге үрады. Санитарлық және қауіпсіздік нормалары да барлық стандарттарға сай екен. Нысандың толық қолданысқа берілуіне кедергі келтіріп тұрған бір ғана маселе – бағасы аса қымбат тұратын компьютерлік томография жабдығы. Өзірге оны сатып алуға касіпкердің қарожаты жетпейді. Жекеменшік қаржыға салынған тамаша медициналық мекемені аралап көрген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ мұндай тәжірибелі өнірдің өзге де қалаларында қолға алу керектігін ескертті.

Талайдың таңдайын қақтырған тағы бір медицина мекемесі – «In Virtuo» емханасы жұмыс істеген бес жылдың ішінде семейліктердің мақтанышына айналып үлгеріпті. Бір атап өтерлігі, басы ауырып, балтыры сыздағандардың дертіне шипа, денсаулығына күш-куат сыйлайтын бұл емхана мемлекеттік емес. Свите тұра барлық жағынан алғанда олардан асып түспесе, кем сокрайды. Онда Германия, Италия, Финляндия сынды Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінен әкелінген медициналық оңалту саласындағы жетекші өндірушілердің жабдықтары орнатылған. Ең бастысы, бұл қондырығылардың дені біздің елде бірінші рет қолданылууда.

– Алғашқы жұмысын жоғары деңгейлі зертхана ретінде бастаған емханамыз бүгінде медициналық оңалту саласындағы инновациялық технологиялармен толығуда. Зертханамыз тамаша диагностикалық базамен, алемдік аренада аса тәннымал өндіруші компаниялардың озық үлгідегі құрал-жабдықтарымен қамтылған, – дейді «In Virtuo» консультативтік-диагностикалық емханасының директоры Насиба Изатуллаева.

Бүгінгі күні Шығыс өнірінде жалғыз Семейде ғана жұмыс істейтін заманауи нысанды аралап, емделушілермен тілдескен аймақ басшысы реті келгенде облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Вадим Овсянниковке:

– Бұл емхананы мемлекеттік тапсырысқа енгізу керек. Кез келгеннің қалтасы, асіресе, алеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен зейнеткерлер медициналық қызмет ақысын көтере алмайды ғой. Оның үстіне бұл мекеменің жұмысы күрделі ота жасатқан, инсульт алған, басқа да ауыр жағдайларды бастан кешірген мүмкіндігі шектеулі балалар мен үлкендерді оңалтуға бағытталған, – деп атап көрсетті.

Сондай-ақ, Әкім атап басқарманың бастығына Өскеменде де дал осындағы қондырығылармен жабдықталған емхана құру үшін тиісті құжаттарды өзірлеуді жүктеді. Осы арада «In Virtuo» директоры Насиба Изатуллаева бірегей оңалту жабдықтарды өндіруші шетелдік фирмалармен реєс蒂рілген байланыс орнатылғанын және қандай да аппаратты сырттан әкелуде ешқандай проблема туындағыттынын айтты.

Маселен, емханадағы «Vacumed» деп аталағы интервалдық вакуумдық терапияға арналған бірегей аппарат – созылмалы құретамыр жетіспеушілігі, құретамырдың түйіліп кенеюі, тромбофлебит, аяқтың созылмалы артериялық жетіспеушілігі, алуан түрлі ісіктер тәрізді ауруларды оңай жазады. Германияның аэрофарыштық орталығындағы Фарыштық медицина институтында жасалған атальш аппарат денсаулық сақтаудың барлық салаларында, оның ішінде кардиологияда, оңалтуда,

дерматологияда, эндокринологияда, диабетологияда, тамырлы хирургияда, гинекология мен урологияда қолданылады.

– Емханада көрсетілетін маңызды қызмет түрлерінің бірі – мүгедек жандарды, қарияларды, сонымен бірге құрделі отадан және түрлі жарақаттар алғаннан кейінгі адамдарды оқалту курстары. Емдеудене-шынықтыру курстары финляндиялық «HUR» фирмасының пневматикалық күш тренажерлерінің көмегімен іске асрылады. «Табиги жолмен күш берудің» патенттелген механизмі буындар мен данекер үлпаларды бұзбай, бұлшық еттердің жұмысын қауіпсіз арі тиімді қалпына келтіреді, – дейді «In Virtu+» консультативтік-диагностикалық емханасының коммерциялық директоры Виталий Шевченко.

Кардиохирургия орталығы ашылды

Бұдан кейін облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бұған дейінгі әр жылдар ширегінде Денсаулық сақтау министрі лауазымын атқарған ҰҒА академигі Терегелді Шарманов және Семей мемлекеттік медициналық университеті бақылаушы кеңесінің төрағасы Василий Девятко, қаланың Құрметті азаматы Хафиз Матаевпен бірге атаптап жоғары оқу орнының медицина орталығында ашылған кардиохирургия және ангиографиялық зертхана белімшесінің ашылуы салтанатына қатысты. Кардиохирургиялық ота жасайтын аппараттар сатып алуға мемлекеттік бюджеттен 1,5 миллиард теңге қаржат белінген.

Осының арқасында бұған дейін тек кеңес берумен шектеліп келген жергілікті дарігерлер енді мұқтаж адамдарға құрделі оталар жасауға мүмкіндік алып отыр. Бұл жүрек-қан тамырлары ауруларының қатары сирлемей тұрған Семей өнірі үшін үлкен жетістік. Науқастар енді бұрынғыдай алыс қалаларға сабылмай өзімізде жатып-ақ емделе алады.

Естеріңізде болса, бұған дейін Астанадағы Ұлттық кардиохирургия ғылыми орталығының төрағасы Юрий Пя бастаған мамандар осында бірнеше рет келіп, семейлік әріптестеріне шеберлік сабактарын еткізе, біздің дарігерлер елордаға барып, білімдерін жетілдіріп, тәжірибелерін шындал қайтқан-ды. Бұл күні орталыққа тұрақты қызметкө Астана мен Өскемен қалаларынан екі білікті хирург алынған.

– Экономиканың негізгі тірері – адамдардың денсаулығы. Сондықтан кардиохирургиялық орталықтың ашылуы, асіресе, ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей өнірі жұртшылығы үшін маңызы зор. Осындай ігі істің жүзеге асуына қолдау білдірген облыс басшылығына ризашылым шексіз. Осы он үрдіс арі қарай жалғасын таба берсін, – дейді академик Терегелді Шарманов.

Ақ халаттылардың айтуынша, ядролық полигонның ерті жалмаған Семей влкесіндегі өлім-жітім негізгі себебінің бірі жүрек-қан тамыры ауруымен байланысты көрінеді. Бұгінде бұл сырқатқа осы өнірде 5 мыңға жуық адам шалдықкан болса, оның З мыңы арнайы есепке алышыпты. Атаптап орталық осы науқастардың дертіне шипа тауып береді деген үмітте мамандар.